

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 мамыр N 574. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.20. N 958 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 P960710_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 26, 223-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің тәртібінде:

13-тармақтың төртінші абзацында:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі және" деген сөздер алынып тасталсын;

"Мемлекеттік (Ұлттық) баяндама" деген сөздер "жиынтық талдамалы есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

37 - тармақта :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі есепті жылдан кейінгі 20 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының бар жерлері, олардың сапалық жай-күйі және пайдаланылуы (республикалық маңызы бар қалалар, облыстар бойынша және тұтастай алғанда, республика бойынша) туралы жиынтық талдамалы есепті алқада қарайды және бұйрықпен бекітеді." ;

бесінші абзацта "Қазақстан Республикасының Үкіметі", "Баяндамамен бірге жиынтық" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі", "жиынтық талдамалы" деген сөздермен ауыстырылсын .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

